

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.15 10:35

Регистрационный номер

18018

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.15 10:36

Код и наименование специальности:

06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)

Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы

Регион:

Түркістан облысы

Организация ТипПО (Разработчик):

" Е.Тәңірбергенов атындағы Түркістан индустриалды-техникалық колледжі" ЖМ

Партнеры-разработчики:

" ТурМегаКом" ЖШС

Цель ОП:

Әр түрлі ақпаратты жазу, сақтау, беру және өңдеу, қажет болған жағдайда оны дисплей экранына, қағазға, пленкаға немесе басқа тасымалдаушыларға графикалық кескінге аудару үшін пайдаланылатын компьютерлік және перифериялық құрылғылардың жұмысын бақылау маманын даярлау.

Уровень по НРК:

3

Уровень по ОРК:

3

Профессиональный стандарт (при наличии):

" Электрониканы техникалық сүйемелдеу" Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 24.12.2019ж. бұйрығына №259 № 41-қосымша, " Hardware- ді сүйемелдеу және жөндеу" Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 24.12.2019ж. бұйрығына №259 № 44-қосымша, "Компьютерлік жабдықты техникалық қамтамасыз ету" Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 24.12.2019ж бұйрығына №259 № 47-қосымша, "Әкімшілендіру және сүйемелдеу Web" Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 24.12.2019ж. бұйрығына №259 № 43-қосымша

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

17 WEB technologies, Веб технология

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

180

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

27.04.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

0038283

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

4

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

20.03.2020 ж.

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

Наименование		Результаты	Объем
№	модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
	ЖБП 1. Математика	Функция, оның қасиеттері және графигі, тригонометриялық функциялар, көпмүшелер, математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы, дәреже мен түбір. дәрежелік функция, көрсеткіштік және логарифмдік функциялар, Функцияның шегі және үзіліссіздігі, туынды және оның қолданылуы, алғашқы функция және интеграл, комплекс сандар, дифференциалдық теңдеулер, стереометрия аксиомалары, кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық, кеңістіктегі	8

Результаты		
Наименование № модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар, көпжақтар, айналу денелері және олардың элементтері, дене көлемдерінің жалпы қасиеттерін зерттейді.	
ЖБП 2. Информатика	Аппараттық және программалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық үрдістер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, қосымшаларды әзірлеу, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік ережелері мен техникалары оқытылады.	2
ЖБП 3. Қазақ тілі	Мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерге болжам жасау, стильдік ерекшелігін тану. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату. Көпшілікке арналған очерктің жанрлық ерекшелігін талдау. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу. Таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлеу.	3
ЖБП 4. Қазақ әдебиеті	Әдеби шығарманың жанрлық табиғатына талдау жасау, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру. Әдеби шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы	3

	Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығын бағалау.	
	ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті	Мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерге болжам жасау, стильдік ерекшелігін тану. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау. Орыс жазушыларының шығармалары.	4
	ЖБП 6. Шетел тілі	Мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерге болжам жасау, стильдік ерекшелігін тану. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау.	4
	ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Әлемдік өркениеттің Орталық Азиядағы рөлін, зерттеу тарихын	4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>негізгі факторлары мен ошақтарын түсіну. Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін басқа әлемдік өркениеттермен салыстыру, бағалау. Этникалық процестердің сабақтастығын зерттеу. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының біріктіруші ролін анықтау. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуін бағалау. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымын және Түркі әлемінің қалыптасуын түсіну. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуының маңызы туралы тарихи фактілер негізінде тұжырымдау. Ақ Орда және хандықтың құрылымы мен дамуы талдау және бағалау. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктерін талдау және әлемдік өркениеттегі орнын бағалау.</p>	
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	<p>Адамның білімге және шығармашылыққа деген құштарлығын негіздейді; жеке құндылықтар жүйесін анықтайды; жалпыадамзаттық құндылықтар арасындағы рухани байланысты ашады, Адамның ішкі дүниесі оның тұлға ретінде қалыптасуының шарты. Адамның ішкі әлемі – оның даралығының көрінісі. Өзін-өзі бағалаудың «айнасы». Өзіне өзі адал болу</p>	2

Результаты		
Наименование № модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>қабілеті. .Отбасы бастаулары. Отбасы дәстүрлері. Отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары. Отбасы тағдыры - қоғам өмірінің көрінісін ашады. Жалпыадамзаттық құндылықтар – танымның мақсаты. Адами таным бастаулары анықтайды. Адамгершілік нормаларына сәйкес өмірлік мақсаттарға жету жолдарын көрсете алады.</p>	
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	<p>Дене шынықтыру туралы білім, Дене тәрбиесі құралдары: Жеңіл атлетика, Спорттық ойындар, Гимнастика, Ұлттық спорт түрлері, Қысқы спорт түрлері, Жүзу түрлерін оқып үйренеді.</p>	5
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	<p>Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі, Әскери қызметтің құқықтық негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары, Тактикалық дайындық, Атыс дайындығы, Саптық дайындық, Әскери топография, Әскери роботты техникалардың негіздері, Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері, Технологиялық дайындық. Тактикалық дайындық. «Атыс дайындығы», Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылым-дарының жалпы әскери жарғылары. Саптық дайындық. Әскери топография. Медициналық бөлім.</p>	4
ЖБП 11. Физика	<p>Механика мен жылу физикасы, электр және магнетизм, электр</p>	6

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>заряды; зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы, зарядтың сақталу заңы, Кулон заңы, электро-магниттік тербелістер, гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері, электромагниттік толқындар, серпімді механикалық толқындар, механикалық толқындардың таралуы, оптика және жарықтың электромагниттік табиғаты, жарықтың жылдамдығы, жарықтың дисперсиясы, жарықтың интерференциясы, салыстырмалы теорияның элементтері, кванттық физика, нанотехнология және наноматериалдар, Космология мен жұлдыздар әлемі, Күн-Жер байланыстары және жұлдыздардың планеталық жүйелері зерттеледі.</p>	
ЖБП 12. Химия	<p>Заттардың бөлшектері, атомның құрамы мен құрылысы, периодтылық және периодтық жүйе, химиялық реакциялар энергетикасы, ішкі энергия және энтальпия, термодинамикалық заң, химиялық реакцияның жылдамдығы, химия және қоршаған орта, заманауи зерттеулердегі аналитикалық әдістері, жай заттардың табиғатта таралу түрлері және алыну әдістері, көмірсутектердің түрлері мен химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары зерттеледі.</p>	6
ЖБП 13. География	<p>Жалпы географиялық заңдылықтар туралы ұғымдары мен түсініктерін жинақтап, қорытындылау негізінде ғаламшар табиғатының</p>	3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>біртұтастығы жайлы білімді қалыптастыру; дүние жүзінің саяси картасының қалыптасу кезеңдерін және геосаясат мәселелерін, бүгінгі қоғам дамуының бағыт-бағдарын, Қазақстан Республикасы мен жеке елдердің қазіргі геосаяси жағдайын талдау арқылы саяси географиялық білімнің негізін қалау, Жер шарындағы, сондай - ақ жеке аймақтар мен елдердегі табиғат ресурстарының таралуы мен пайдаланылу мүмкіншіліктерін қарастыру арқылы географиялық - экологиялық мәдениетті меңгеруге үйрету; Дүние жүзі халқы, оның құрамы мен құрылымы, қоныстану ерекшеліктері жайлы білімін қалыптастырып, оны Қазақстан халқы туралы деректермен бекіту.</p>	
ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы	<p>Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуін діндердің даму тарихын, ерекшеліктерін түсіндіру және жаһандық мәселелердің себептерін, байланысын бағалау. Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау. Тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын, әлем мұражайларының ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындау. Көрнекті мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығын, жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру.</p>	3
БМ 1. Дене қасиеттерін	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту	2.5

№	Наименование модуля/дисциплины	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	дамыту және жетілдіру	және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	
		ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	4.5
	БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1.5
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	2
	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	1
		ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	0.5
		ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	0.5
		ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	0.5
		ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	0.5
	КМ 1. Компьютерлік аппараттық қамтамасыз етумен жұмыс істеу кезінде еңбек заңнамасын және қауіпсіздік техникасының талаптарын сақтау	ОН 1.1. Негізгі және перифериялық құрылғылармен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау және пайдалану бойынша нормативтік құжаттарды қолдану.	4
		ОН 1.2. Жеке қауіпсіздіктің барлық талаптарын сақтай отырып, белгіленген құрылғыны жөндеу.	9

Результаты			
№	Наименование модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	КМ 2. Электроника және электротехниканың заңдарын, микропроцессорлық техника бойынша білімдерді қолдану	ОН 2.1. Өз құзыреті шеңберінде аналогтық және цифрлық құрылғыларды қолдану.	1
		ОН 2.2. Нақты қолдану облысына арналған элементтік базаны қолданып, электрондық құрылғыларға арналған қарапайым электрондық сұлбаларды құру.	3.5
		ОН 2.3. Электрондық техниканың әртүрлі түрлерінің құрылғыларын, блоктарын және аспаптарын жинауды, құрастыруды және бөлшектеуді орындау.	3
	КМ 3. Аппараттық-бағдарламалық кешеннің қызмет етуін қамтамасыз ету	ОН 3.1. Дербес компьютердің құрылғыларымен жұмыс істеу.	6
		ОН 3.2. Операциялық жүйелерді және түрлі бағдарламаларды орнату.	8
		ОН 3.3. Қолданбалы бағдарламалар, графикалық редакторлар, мультимедиялық қосымшалар пакеттерін қолдану.	7.5
		ОН 3.4. Компьютерлік және перифериялық құрылғылардың жұмысын бақылауды, диагностикалауды және қалпына келтіруді жүзеге асыру.	5
	КМ 4. Web-технологияларды қолдана отырып жоғарғы деңгейлі тілдерде бағдарламалау	ОН 4.1. Бағдарламалық қамтамасыз етудің бағдарламалық кодын құрастыруда тапсырмаларды формалдау мен алгоритмдеудің әдістерін және тәсілдерін пайдалану.	8.5
		ОН 4.2. Web технологияларды	12

		Результаты	
Наименование	обучения/Краткое описание	Объем	
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов	
	қолданып сайт құрастыру.		
	ОН 4.3. Жүйелік қателерді анықтау, қателерді өңдеу, бағдарламаның жеке модульдерін жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	7	
КМ 5. Желілік жабдықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	ОН 5.1. Жергілікті есептеу желісін монтаждау.	6	
	ОН 5.2. Жергілікті есептеу желілеріне қызмет көрсету және пайдалану.	12	
	ОН 5.3. Ұйымның желілік жабдықтарын орнату және конфигурациялау.	8	
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	9	